


ЖАҢАЛЫҚТАР

"Әділет" партиясы мемлекеттік тіркеуден өткенін жариялады

1 маусым 2026 жыл, 16:30



"Әділет" партиясының құрылтай жиыны. Астана, 7 мамыр, 2026 жыл.

Қазақстанда жақында жаңадан құрылған "Әділет" партиясы мемлекеттік тіркеуден өткенін әлеуметтік желідегі парақшасында хабарлады.

"Бұл біздің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі жаңа кезеңнің бастамасы. Біздің қатарымызда әртүрлі мамандықтар мен буын өкілдері бар: жұмысшылар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, кәсіпкерлер, белсенді және талантты жастар. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған реформалардың және азаматтардың сенімінің арқасында елдің саяси жүйесі ашық және бәсекеге қабілетті бола түсті, ал "Әділет" партиясының құрылуы шындыққа айналды. Біз қоғамда әділеттілікке деген сұранысты көріп отырмыз", деді жаңа партияның төрағасы және президент әкімшілігінің бұрынғы басшысы Айбек Дәдебай.

Партия жақын арада өз құрылымын одан әрі дамытып, аймақтарда жұмысын бастайтынын мәлімдеді. "Әділет" партиясын құратынын жайлы биыл сәуір айында жария еткен бастамашыл топтың құрамына Тоқаевтың президенттігі кезінде "Қармет" компаниясының иесіне айналған Андрей Лаврентьев сынды танымал кәсіпкерлер кірді.

7 мамырда Астанада партияның құрылтай жиынында Айбек Дәдебай саяси ұйымның төрағасы болып бекітілді. Дәдебай Тоқаевпен 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеді және партия жетекшісі болып сайланардан екі күн бұрын президент әкімшілігінің басшысы қызметінен кетті.

Құрылтай съезінен кейін партия құрушы бастамашыл топ тіркеу құжаттарын Әділет министрлігіне тапсырды. Азаттыққа сұхбат берген сарапшылар бұған дейін Ақорда саясатын толық қолдайтынын мәлімдеген жаңа партияның тіркелетініне күмән келтірмеген еді. Олар оппозициялық топтардың бюрократиялық рәсімдерде жиі қиындықтарға тап болатынын, ал үкіметке адал ұйымдар әдетте еш қиындықсыз тіркелетінін айтқан.

"Әділет" партиясы өзін президентті жақтайтын және "әділ Қазақстан" үшін күресетін партия ретінде көрсетеді. Жаңа ұйым "президенттің стратегиялық бағытын институционалдық қолдаушы" болғысы келетінін айтады.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

"Әділет" партиясы құрылды. Президент әкімшілігін басқарған Айбек Дәдебай партия төрағасы болды



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

"Билік реформасын қолдайтын" "Әділет" партиясы құрылмақ. Бастамашыл топта "Аманатта" мүше болғандар бар

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

